

Бесқарағай ауылдық округінің Бесқарағай ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы № 16/5-V шешімі және Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 09 қазандағы № 453 бірлескен қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 қарашада № 3093 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 5, 12 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ** және Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес алаңдарда Бесқарағай ауылдық округінің Бесқарағай ауылының шекарасы (шегі) өзгертілсін, Бесқарағай ауылдық округінің Бесқарағай ауылының елді мекенінің шекарасын (шегін) белгілеудің жерге орналастыру жобасына сәйкес белгіленсін.

2. «Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Калиновский В. Я.) жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістерді енгізілсін.

3. Осы шешім және қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

аудандық мәслихат хатшысы

С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,
Қ. САДЫҚОВ

Аудан әкімі

Н. СЫДЫҚОВ

Бірлескен әкімдігінің № 453 мәслихатының № 16/5-V шешіміне қосымша

Бесқарағай 2013 жылғы 9 қаулысы мен Бесқарағай 2013 жылғы 10

аудандық қазандағы аудандық қазандағы

**Бесқарағай ауылдық округінің Бесқарағай ауылының
елді мекендері жерінің
Экспликациясы**

Ж е р пайдаланушылардың атауы	Жоспардағы барлық жерлер, га	Өнеркәсіп және ауылшаруашылығына арналмаған өзге де жерлер, га	Елді мекендерге бекітілді, га	барлық а\ ш алқаптары , га	олардан:				өз жс , га
					егістік ,	тынайма	шабындық	Жайылым	
Негізгі учаске									
Бесқарағай ауылдық округінің жерлері	14337,9686	804,7686	13533,2	12844,7	38,0	692,0	212,9	11901,8	68
«Целинник» ш/к (05-240-003-132)	100,0	-	100,0	100,0				100,0	
«Индира» ш/к (05-240-003-361)	150,5	-	150,5	150,0				150,0	0,5
«Запад» ш/к (05-240-003-365)	150,0	-	150,0	150,0				150,0	
«Айша» ш/к (05-240-003-565)	171,3	-	171,3	171,0				171,0	0,3
«Айша» ш/к (05-240-003-109)	55,0	-	55,0	55,0				55,0	
Бесқарағай ауылдық округінің барлық жерлері	14964,7686	804,7686	14160,0	13470,7	38,0	692,0	212,9	12527,8	68
Алабарлық учаске									
Бесқарағай ауылдық округінің жерлері	1101,0	-	1101,0	1100,4				1100,4	0,6
Бесқарағай елді мекенінің барлық жерлері	16065,7686	804,7686	15261,0	14571,1	38,0	692,0	212,9	13628,2	68

